

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Биология
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Жер ғаламшарының белсенді тіршілігі бар аймағын қамтиды

- A) ноосфера
- B) биосфера
- C) стратосфера
- D) литосфера
- E) гидросфера

2. Адам ұрығы дамитын анасының арнайы мүшесі

- A) ұрықжолдас
- B) жатыр
- C) плацента
- D) гастрұла
- E) делеция

3. Органикалық дүние эволюциясында ең соңғы пайда болған биологиялық түр

- A) нәсілдер
- B) адам
- C) сүтқоректілер
- D) омыртқалылар
- E) архантроп

4. Тұқымқуалайтын өзгергіштігі айқын байқалатын жекелеген адам топтары

- A) нәсілдер
- B) антроморфоз
- C) идиоадаптация
- D) ароморфоз
- E) дегенерация

5. Қазіргі кездегі жер бетінде мекендейтін адамдардың түрі

- A) архантроптар
- B) синантроптар
- C) питекантроптар
- D) саналы адам
- E) неандертальдықтар

6. Қазіргі кезде биолог ғалымдар мен архитекторлар құрылыс қабырғасына «тыныс алудың» экологиялық жүйесін енгізуді жоспарлауда зерттеп жатқандары

- A) фотосинтез механизмі
- B) жасушалық тыныс алу
- C) жапырақ құрылысы
- D) зат алмасу процесі
- E) белок биосинтезі

7. Эйфель мұнарасын салу барысында зерттеп пайдаланған тірі организмдердің мүше бөліктері

- A) жіліктердің сүйектері
- B) термиттер ұясы
- C) жапырақ құрылысы
- D) діңнің құрылысы
- E) аралар ұясы

8. Табиғаттағы тірі организмдердің жетістіктерін инженерлік мақсатта қолдану идеясын ұсынған

- A) Карл Линней
- B) Леонардо да Винчи
- C) П.И.Мариковский
- D) Жорж де Местрал
- E) В.И.Вернадский

9. Биология мен техника жетістіктерінің жаңа тетіктерін өндіріске енгізу

- A) биониканың мақсаты
- B) архитектураның мақсаты
- C) нанотехнология саласы
- D) гендік инженерия
- E) жаңа технология

10. Организмдер мақсатына жету үшін бір-біріне қатты зиян келтірмейтін кез келген антагонизмдік қарым-қатынас

- A) бәсекелестік
- B) паразитизм
- C) симбиоз
- D) нейтрализм
- E) антропогенизм

11. Бір организм екіншісінің есебінен тіршілік етіп, оған зиян келтіретін, бірақ, әдетте өлтірмейтін түр аралық қарым-қатынас формасы

- A) антагонизм
- B) паразитизм
- C) симбиоз
- D) нейтрализм
- E) антропогенизм

12. Жеке организмдердің тұраралық өзара қарым-қатынасы

- A) антагонизм
- B) паразитизм
- C) симбиоз
- D) нейтрализм
- E) антропогенизм

13. Бірегей аумақтарды қамтитын, даралар топтарын құрайтын экологиялық популяциялар

- A) географиялық популяция
- B) биогеоценоз
- C) биоценоз
- D) қарапайым популяция
- E) экологиялық жүйе

14. Табиғатта бірегей кішігірім аумақтарды мекендейтін бір түрге жататын даралар жиынтығы

- A) автотрофты организмдер
- B) топтанып таралу
- C) популяция саны
- D) қарапайым популяция
- E) экологиялық жүйе

15. Жарық энергиясын пайдаланып бейорганикалық заттардан органикалық заттар синтездейтін жасыл өсімдіктер

- A) редуценттер
- B) продуценттер
- C) консументтер
- D) биоценоз
- E) экожүйе

16. Көмілген дән ұзақ уақыт бойы өнбей алғашқы қалпын сақтайтын жер (қойма)

- A) құмырсқа илеуі
- B) қоңыздар қиы
- C) қой қорасы
- D) аралар ұясы
- E) термиттер ұясы

17. Аспан әлеміндегі жұлдыздарды бақылауға «арнайы тапсырма» алған жәндіктер

- A) дәуіттер
- B) қоңыздар
- C) қандалалар
- D) көбелектер
- E) құмырсқалар

18. Ошаған жемісінің жабысқыш қасиеттеріне негіздеп қазіргі кездегі жабысқышты (липучка) ойлап тапқан инженер

- A) Леонардо да Винчи
- B) Жорж де Местрал
- C) Г. Де Фриз
- D) В.И.Вернадский
- E) П.И.Мариковский

19. XX ғасырда француз астрономдары байқаған бізге көрінбейтін жұлдыздардан шығатын ультракүлгін сәулелерді қабылдайтын насеком түрлері

- A) кейбір құмырсқалар
- B) түнгі көбелектер
- C) түнгі қоңыздар
- D) өсімдік қандалалары
- E) бал аралары

20. Тірі организмдер құрылысындағы ерекше жетістіктерді зерттеп, оның экономикалық тұрғыдан тиімді тетіктерін өнеркәсіпте қолданумен айналысатын

- A) биотехнология ғылымы
- B) архитектуралық құрылыс бионикасы
- C) нанотехнология саласы
- D) гендік инженерия саласы
- E) жаңа технология бағыты

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Арнайы пән
Мал шаруашылығы
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Аталық және аналық жануарлардың жыныс бездерін отау арқылы жасанды ұрпақсыздандыру

- A) қысу
- B) басу
- C) пішу
- D) кесу
- E) егу

2. Зиянды буынаяқтыларды – соналар, масалар, шыбындар мен шіркейлер, биттер және кенелерді жоюға бағытталған шара

- A) дезинфекция
- B) дезинвазия
- C) дезинсекция
- D) дератизация
- E) дезактивация

3. Түйенің асқазаны неше камерадан тұрады

- A) 2
- B) 5
- C) 1
- D) 3
- E) 4

4. Гельминтология негізін қалаушы ғалым

- A) В.В. Пашутин
- B) Е.Н. Павловский
- C) К.И. Скрябин
- D) В.Л. Якимов
- E) В.А. Догель

5. Дене температурасының көтерілуімен, септецемиа, мал денесінде ісіктер мен көршиқанның пайда болуымен сипатталатын қатерлі жұқпалы ауру

- A) құтыру
- B) аусыл
- C) топалаң
- D) туберкулез
- E) бруцеллез

6. Тұяқтың мүйіздік қабырғасының өкшелік шетіне пішініне келтірілген темір тақташа

- A) тақтай
- B) таға
- C) кесінді
- D) темір
- E) басқыш

7. Жануар тектес азық

- A) ас тұзы
- B) ашымық
- C) пішен
- D) күнжара
- E) сүйек ұны

8. А витамині қай азықта кездеседі

- A) арпа
- B) жүгері
- C) асбұршақ
- D) сәбіз
- E) қызылша

9. Жақсы күтімге алынған сиырлар бір жылда неше кг сүт береді

- A) 1000-2000 кг
- B) 3000-4000 кг
- C) 5000-6000 кг
- D) 7000-8000 кг
- E) 6000-7000 кг

10. Көк етте, бұлшық етте, тілдің бұлшық етінде мекендейтін құрт

- A) фасциола
- B) онхоцерк
- C) телязия
- D) трихинелла
- E) аскарида

11. Қызба, ауыз қуысы клегей қабығында, желінінде, тұяқ ашасында суға толы күлдіреуіктердің пайда болып аса жұғымталдығымен сипатталатын вирустық ауру

- A) құтыру
- B) аусыл
- C) топалаң
- D) туберкулез
- E) бруцеллез

12. Жылқыны тағалау үшін неше өлшем алады

- A) 7
- B) 5
- C) 3
- D) 4
- E) 1

13. Тауықтың ет бағытындағы тұқымы

- A) Ақ леггорн
- B) Корнуэль
- C) Орыстың ақ тауығы
- D) Пекин
- E) Украин

14. Тіндерді зерттейтін ғылым

- A) анатомия
- B) эмбриология
- C) гистология
- D) цитология
- E) миология

15. Ірі қараның тіршілік ету ұзақтығы

- A) 35 жыл
- B) 45 жыл
- C) 25 жыл
- D) 12 жыл
- E) 30 жыл

16. Байлаусыз бағылатын малды қора ішіндегі бөлінген секцияда ұстайды, әр секцияда неше бастан мал ұсталады

- A) 50-60 бастан
- B) 30-40 бастан
- C) 40-50 бастан
- D) 25-30 бастан
- E) 10-20 бастан

17. Бір айлық балапан қорасының температурасы

- A) 12-17°C
- B) 30-35°C
- C) 25-30°C
- D) 18-20°C
- E) 21-30°C

18. Қан вакцинасы және қан сары суы (сыворотка) қандай малдан алынады

- A) ешкі
- B) сиыр
- C) қой
- D) жылқы
- E) түйе

19. Құлынды биелерді азықтандырғанда ең басты мақсат

- A) биенің еттілігін арттыру
- B) биенің сүттілігін арттыру
- C) биенің тәбетін арттыру
- D) биенің салмағын арттыру
- E) биенің күшін арттыру

0002 - нұсқа

20. Мал қораларында кемінде неше градус жылылық болуы керек

A) +2 С

B) +6-7 С

C) +8-10 С

D) +12-14 С

E) +18 С

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Қозы етін, жылқы етін және қоян етін адам ағзасының қорытуы

- A) жартылай қорытады
- B) оңай қорытады
- C) дұрыс қорытпайды
- D) қорытпайды
- E) тез сіңіреді
- F) сіңірмейді

22. Жылқының жұқпалы ауруы

- A) құтыру
- B) аусыл
- C) сақау
- D) туберкулез
- E) маңқа
- F) пастереллез
- G) сап

23. Асқазаны бір, үш камерадан тұратын жануарлар

- A) сиыр
- B) құстар
- C) жылқы
- D) бұқа
- E) түйе
- F) қой
- G) ешкі

24. Сынама сүтті тексереді

- A) мастисанмен
- B) панакурмен
- C) эмульсиямен
- D) ерітіндімен
- E) мастидинмен
- F) мастикурмен
- G) термометрмен

25. Пішілетін ет қоректілер

- A) бұқа
- B) төбет
- C) қошқар
- D) мысық
- E) айғыр
- F) теке
- G) құс

26. Қызылша және сүрлем азықтары

- A) ірі сояұлы
- B) минералды
- C) тамыр түйнек
- D) құрғақ
- E) шырынды
- F) жануар тектес

27. Қынаптың және жатырдың латын тіліндегі аталуы

- A) Vulva
- B) Vagina
- C) Metra
- D) Scalpinx
- E) Ovaria
- F) Ureter
- G) Costae

28. Мал қораларынан 200 - 300 м қашықтықта орналасады

- A) ғимараттар
- B) тұрғын үйлер
- C) фермалар
- D) автомобиль жолдары
- E) темір жолдар
- F) шаруашылықтар
- G) фермалар, шаруашылықтар

29. Дене қызуы 40,5-42,0 С және 38,5-40,0 С жануарлар

- A) ірі қара
- B) түйе
- C) тауық
- D) жылқы
- E) қой
- F) ит
- G) шошқа

30. 30 жыл, 25 жыл, 35 жыл тіршілік ететін жануарлар

- A) ірі қара
- B) қой
- C) түйе
- D) ешкі
- E) жылқы
- F) құстар
- G) иттер

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Ауылдық жерде қой қырку науқаны кезінде, қой қыркушы электр қырықтығымен қой қырқып жатырғанда электр қырықтығы сөніп қалады. 1-2 секунд ішінде жоғарыда айналып тұратын трос қой қыркушының шашын орап алып жоғары қарай тартып бір топ шашын жұлып алады.

31. Электр машинкасының тоқтап қалуы

- A) электр машинкасының сымы үзілген
- B) сыртқы қабынан жалаңаштанып қалған тросқа шаш оралып қалған
- C) электр машинкасы бұрыннан дұрыс істемейді
- D) қой қырку машинкасы тозған
- E) электр машинкасы өте қатты істеген

32. Биязы жүн беретін қой тұқымы

- A) Ақжайық
- B) Еділбай
- C) Қаракөл
- D) Орынбор
- E) Ангор

33. Қырку агрегатының ішкі тросының сыртқы қабынан ажырауы

- A) тростың үзілуі
- B) токтың істемеуі
- C) кергіштің ескіруі
- D) бекіту құлпының желінуі
- E) сымның үзілуі

34. Қой қыркушының бір топ шашының жұлынуы

- A) электр машинкасының сымы үзілген
- B) басына бас киім кимей, қауіпсіздік ережесін сақтаған
- C) басына бас киім кимей, қауіпсіздік ережесін сақтамаған
- D) қауіпсіздік ережесін сақтап қой қырыққан
- E) қойды дұрыс бекіндірмеген

35. Жүнді көп беретін қой тұқымы

- A) Қаракөл
- B) Еділбай
- C) Ангор
- D) Орынбор
- E) Меринос

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Бір жігіт қысты күні көршісінің асау жылқысын мініп үйретіп беремін деп қардан аршылған жолмен ауылдан үш шақырым жерде орналасқан «Вольковое» қой шаруашылығына бағыттайды. Келе жатып жолдың сайлылау жеріне келгенде астындағы аты сайға қарай қатты шауып кенеттен тоқтап қалады. Ат үстіндегі жігіт алға қарай ұшып ауада бір айналып аттың алдына жерге құлап түседі. Жамбасын, аяғын ауыртып алады, аттан айырылып қалады.

36. Аттан құлағаны

- A) мінезін білетін жылқыға мінгені
- B) асау жылқыға жақындағаны
- C) асау жылқыға жақындамағаны
- D) мінезін білмейтін атпен сайға қарай шапқаны
- E) көршісінің жылқысын мініп үйреткені

37. Жамбасын, аяғын ауыртып алғаны

- A) құлаған кезде дұрыс құламайды
- B) дұрыс отырмай құлайды, соғылады
- C) құлаған кезде дұрыс құлайды
- D) жамбасын да, аяғында, еш жерінде ауыртпайды
- E) құлаған кезде жамбасын жерге қатты соғып алады

38. Ауада айналғаны

- A) ат қатты шауып кенеттен тоқтап қалғанда энерциямен айналады
- B) ат жай шауып кенеттен тоқтап қалғанда энерциямен айналады
- C) кенеттен тоқтап қалғанда энерциямен айналмайды
- D) ат жай шауып кенеттен тоқтамай қалғанда
- E) ат тоқтап бір орында тұрғаны

39. Батыс Қазақстанда өсірілетін жергілікті етті-сүтті жылқы тұқымы

- A) Орлов
- B) Көшім
- C) Дон
- D) Ахалтеке
- E) Қазақы

40. Жылқыны тағалағанда неше өлшем алады

- A) 1
- B) 5
- C) 3
- D) 2
- E) 4

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.